

Хаттама № 1

Педагогикалық кеңестің кезектен тыс отырыс

№20 «Жайна» бөбекжай-балабақшасы

Қатысуға тиісті: 8

Қатысқандар: 8

Күні: 02.09.2024ж

Күн тәртібінде

Тыңдалды:

Г.Тілеубергенова меңгерушісі: Қазіргі таңда мектепте дейінгі ұйымдарға ата-аналарға консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру және құрамын бекіту. Бармайтын балаларды тәрбиелейтін жанұяларға көмек көрсету мәселесі өзекті болып тұр. Осыған орай отбасының педагогикалық – психологиялық қолдауын қамтамасыз ету, тәрбиелік әлеуетін байыту, балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау, әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу, балалармен дамыту жұмыстарын жүзеге асыру қажеттілігіне байланысты жұмыстар атқарылуы қажет. Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық пункт ұйымдастыру, ата-аналарға ақпараттық қолдау көрсету бойынша жоспар жасалып, соған сәйкес жұмыстар жүргізілуі керек. Ата-аналарға консультациялық пункт құрамына педагог кадрлар және медбике қызметкерлері кіреді.

Шығып сөйлегендер: Ү.Жұбанышова әдіскер: Отбасылардың барлығы дерлік балаға әсер ету мүмкіндіктерінің тұтас шамада жүзеге асырмайды. Себептері әртүрлі: бір отбасылар баланы тәрбиелегісі келмейді, басқалары бұны жасай алмайды. Үшіншілері не үшін қажет екенін түсінбейді. Сондықтан балабақшада кезекте тұрған, бырақ келмей жүрген балалардың отбасымен тығыз байланыс жасау керек. Оларды педагогикалық – психологиялық тұрғыдан сауаттандырып, баланы балабақшаға алдын-ала дайындау жұмыстарын жүргізу қажет. Ата-аналармен консультациялық пункт құрамына барлық педагог кадрлар және медбике қызметкерлерін қатыстыруды ұсынамын.

А.Қызылбай психолог: Балабақшаға келген балаларда бейімделу ұзақ уақыт жүрілетін жағдайлар көптеп кездесуде. Сондықтанда балаларды ерте жастан отбасында жүргенде дайындап, ата-аналарды да балабақша өмірімен таныстырып, балабақша жағдайына бейімделуге ықпал жасаймыз.



КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТИҢ
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ МЕН
ЖҰМЫС КЕСТЕСІН БЕКІТУ.

